

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 623 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 қазандағы N 1005 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.15 № 620 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 623 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2006 ж., N 24, 248-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесінде:

20-тармақтың екінші сөйлемі алынып тасталсын;

23-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

47-тармақтағы "Ереженің 46 және 47-тармақтарында көрсетілген" деген сөздер "Ереженің 45 және 46-тармақтарында көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

91-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

1 0 3 - т а р м а қ т а :

4) тармақша "(жиын пункттерінен)" деген сөздерден кейін "әскери бөлімдер мен арнайы құралымдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі